

Мектеп жасына дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру

Брахметова С.М. №40 бөбекжай-балабақша қазақ тілі мұғалімі

Мемлекетіміздің – өселкең ұрпақты тәрбиелеуде бірінші орын – отбасы, ата – ана тәрбиесі болса, екінші орында – білім беру мекемесі. Мектепке дейінгі кезеңдегі тәрбие – адам қалыптасуының алғашқы баспалдағы. Балабақшадағы тәрбие бала табиғатына ерекше әсер етіп, оған өмір бойы өшпестей із қалдырады. Балабақшада берілетін тәрбие – барлық тәрбиенің бастамасы, әрі жан – жақты тәрбие мен дамыту ісінің түпкі негізін қалайтын орын. Бала бойындағы жақсы қасиеттер мен мүмкіндіктерді ашып олардың өнегелі, тәрбиелі болып өсуіне балабақша ошағының тигізер әсерінің маңызы зор. Сондықтан да мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ең өзекті мәселесі – ұлттық – патриоттық тәрбие беру. Мақсаты: Денсаулығы зор, рухани дүниесі бай, адамгершілікті, тәуелсіз жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін тәрбие жүйесін құру және дамыту.

Яғни, қазіргі заман талабына сәйкес «Қазақстан Республикасының жаңа әлеуметтік даму жағдайында мектеп және мектепке дейінгі балаларға патриоттық тәрбие беру» тұжырымдамасында патриоттық тәрбие беру міндеттері төмендегіше айқындалады:

-Қазақстан Республикасының Конституциясына, мемлекеттік рәміздеріне, Қазақстанда мекендейтін барлық халықтардың тарихына, дәстүрлеріне, мәдениетіне және ұлттық ерекшеліктеріне құрметпен қарау;

-Мемлекеттік тілге, әлемдік тілдерге және ұлтаралық тіл болып есептелетін орыс тіліне, Қазақстанда мекендейтін басқа халықтардың тілдеріне құрметпен қарау;


-Жалпы адамзаттық құндылықтар мен өркениеттілікті бағалау, құрметтеу;



Баланы патриоттық сезімге тәрбиелеуде мемлекеттік мерекелерде қатыса отырып, Отанға деген сүйіспеншілікті арттырудың рөлі үлкен. Тілдер мерекесіне арналған «Менің Қазақстаным», Республика күніне арналған – «Астана – бас қала» атты ашық іс-шараларда балалар Отан, Туған жер туралы тақпақ, ұлттық ойындар ойнап, ертегілерді сахналап патриоттық әндер мен көркем сөздер тәрбиеленушілерді патриоттық сезімге тәрбиелеудің көзі.



Мектепке дейінгі ұйымдарда балалардың бойында моральдық-патриоттық тәрбие маңызды міндеттердің біріне айналады.



Жоғарыда аталған міндетті орындау үшін, келесі жұмыстарды атқару қажет:

- балалардың бойында өзінің отбасына, үйіне, балабақшаға, көшеге, қалаға махаббатын тәрбиелеу;
- қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауды тәрбиелеу;
- еңбекке деген құрметті тәрбиелеу;
- Қазақтың салт-дәстүріне қызығушылығын жетілдіру;
- адам құқығы жайлы негізгі түсініктерді беру;
- Қазақстанның қалалары жайлы білімдерін дамыту;
- мемлекетің рәміздерін таныстыру;
- елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ояту;
- басқа елдердің салт-дәстүрін қадірлеуді үйрету.

Осы аталған жұмыстар барлық іс-әрекеттерде орындалады: оқу барысында, еңбекте, күнделікті тұрмыста-өйткені балалардың бойында тек қана патриоттық сезімді ғана тәрбиелеп қоймай, үлкендерге және ересектерге қарым-қатынастарын да тәрбиелейді.

Моральдық-патриоттық сезімді тәрбиелеу-бұл өте күрделі процесс. Бұның негізінде моральдық сезім жатыр. Туған жерді сүю... Бұл сезім баланың бойында отбасына, отбасы мүшелеріне: анасына, әжесіне, әкесіне, атасына-ең жақын деген отбасы мүшелеріне қарым-қатынасынан басталады. Бұл әр баланы қоршаған ортамен, туған өлкемен байланыстыратын тамырлары.

Балалардың бойында туған өлкесіне қызығушылық қоршаған ортаны танудан басталмақ. Бала біртіндеп өзінің көшесімен, балабақшасымен, қаласымен, елімен, астанасымен, рәміздерімен танысады. Педагог балалардың бойында патриоттық сезімді дұрыс тәрбиелеу үшін, ол балалардың бойындағы туған өлкесі туралы ең жарық, нақты, қызықтыратын ғана эпизодтарды тере отыра, қолдану қажет.